

Астана қаласы Ж.Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназиясы ШЖҚ МКК

## «ЖАС МАМАНДАРДЫҢ КӘСІБИ АЛАҢЫ» байқауы

2025–2026 оқу жылы

**Тақырыбы:** «Жас мамандардың кәсіби алаңы»

**Мақсаты:** Жас мамандардың кәсіби дамуына қолдау көрсету, тәжірибе алмасуына мүмкіндік жасау, олардың шығармашылық бастамаларын қолдап, бәсекеге қабілетті маман ретінде қалыптасуына ықпал ету.

**I бөлім. Жүргізуші:**

Армысыздар, ардақты әріптестер, қадірлі қонақтар, жас мамандар!

Бүгінгі кеш — ерекше кеш. Себебі бұл — жас ұстаздардың жалындаған жастығы мен шығармашылық әлеуеті тоғысқан, кәсіби шеберлігі мен ізденісі сыналатын тағылымды алаң. Ұстаздық — жүрекпен атқарылатын ұлы қызмет. Ал жас маман — білім ордасына жаңа идея, жаңа серпін, жаңа көзқарас алып келетін тұлға.

Жас педагогтердің кәсіби бейімделу кезеңдерін көрсету, тәжірибе алмасуына жағдай жасау, шығармашылық қабілеттерін дамыту және педагогикалық өсу жолын насихаттау мақсатында ұйымдастырылып отырған «Жас мамандардың кәсіби алаңы» байқауына қош келдіңіздер!

**Қатысушыларды таныстыру**

**Бүгінгі байқауға:**

**I жылдық мамандар** — мектеп өміріне енді бейімделген, алғашқы жетістік иелері

**II жылдық мамандар** — тәжірибе мен сенімділікті қатар қалыптастырып келе жатқан ізденімпаз ұстаздар

**III жылдық мамандар** — ұжыммен бірге еңбек етіп, мектеп өмірінің нағыз жанашырына айналған жастар

Ендеше, зор қошеметпен байқау командаларын ортаға шақырайық!

**Командалар:**

- I жылдық жас мамандар — «Жас Star»
- II жылдық жас мамандар — «NeoUstaz»
- III жылдық жас мамандар — «Жастар Wave»

(Музыка қойылып, командалар ортаға шығады)

Алғашқы сөз мектебіміздің директоры Рамазанова А.Е. беріледі.

## **Қазылар алқасымен таныстыру**

Бүгінгі байқауда жас педагогтердің шеберлігі мен шығармашылығына әділ баға беретін қазылар алқасымен таныс болыңыздар:

1. **Ғалымжанов Баянғали Ғалымжанұлы** — тренер-ұстаз, педагог-зерттеуші
2. **Рахимкулова Дамира Аскарровна** — бастауыш сынып мұғалімі
3. **Усабаева Айгуль Аюпжановна** — қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
4. **Сергазина Сарубал Айтимовна** — орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
5. **Акжанова Динара Акынгазиевна** — тарих пәнінің мұғалімі

Құрметті қазылар, бүгінгі сайысқа әділ бағаларыңызды береді деген сенімдеміз.

## **II бөлім. Байқау кезеңдері**

Бүгінгі байқау үш кезеңнен тұрады:

1. «Таныстыру»
2. «Әдіс-тәсілдер, тәжірибе алмасу алаңы»
3. «Өнерлі ұстаздар галереясы» Музыкалық номер

### **I кезең — «Таныстыру» Жүргізуші:**

Бұл кезеңде жас мамандар өз командаларын, педагогикалық ұстанымдарын, мамандыққа деген көзқарастарын шығармашылық түрде таныстырады.

Ұстаздық жол — үлкен жауапкершілік пен үздіксіз ізденісті талап ететін мамандық. Сондықтан бүгінгі таныстыру кезеңі — жас педагогтердің кәсіби болмысын айқындайтын ерекше сәт.

Ендеше алғашқы болып ортаға шақырамыз:

- «Жас Star»
- «NeoUstaz»
- «Жастар Wave» командаларын.

(Командалардың таныстыруы)

### **II кезең — «Әдіс-тәсілдер алаңы» Жүргізуші:**

Қазіргі мұғалім — заман талабына сай жаңашыл тұлға. Ұстаздың кәсіби деңгейі оның сабақты ұйымдастыру шеберлігінен көрінеді.

- I жылдық жас мамандар үшін бұл — үйрену мен тәжірибе жинау кезеңі;
- II жылдық мамандар әдіс-тәсілдерді еркін қолдануға бейімделе бастайды;

- III жылдық жас мамандар өз тәжірибесін шығармашылықпен ұштастырып, кәсіби қолтаңбасын қалыптастырып үлгерген жандар.

Бұл кезеңде қатысушылар өздерінің тың идеяларын ұсынып, педагогикалық шеберліктерін көрсетеді.

Осы кезеңді жүргізу үшін кезекті тренер-педагог — **Ғалымжанов Баянғали Ғалымжанұлына** береміз.

### **III кезең — «Өнерлі ұстаздар галереясы» музыкалық номер**

#### **Жүргізуші:**

Ұстаз — тек білім беруші ғана емес, жан-жақты өнер иесі.

Мектеп өміріндегі қызықты сәттер, әріптестік орта, оқушылармен байланыс — мұның бәрі ұстаз өмірінің ажырамас бөлігі.

Ендеше, бүгінгі кештің ең әсерлі әрі көңілді бөліміне кезек береміз!

Ортаға шақырамыз:

- «Жас Star»
- «NeoUstaz»
- «Жастар Wave» командаларын.

(Өнер көрсету кезеңі)

### **III бөлім. Қорытынды**

#### **Жүргізуші:**

Әр сабақ — ізденіс,  
Әр шәкірт — сенім,  
Әр ұстаз — үлкен жүрек иесі.

Бүгін біз жас мамандардың кәсіби қалыптасу жолының әр кезеңіне куә болдық. Әр жыл — тәжірибе, ізденіс және даму баспалдағы екенін байқадық.

Жас ұстаздардың шығармашылығы, жаңашылдығы мен кәсіби құлшынысы — білім саласының болашағына деген сенімді арттырады.

Барша жас мамандарға шығармашылық табыс, кәсіби өсу, шабыт пен жетістік тілейміз!

#### **Марапаттау рәсімі:**

Байқау соңында жас мамандар келесі номинациялар бойынша марапатталады:

## Номинациялар:

1. «Креативті мұғалім»
2. «Жылдың позитив ұстазы»
3. «Цифрлық білім беру шебері»
4. «Super Teacher»
5. «Заманауи ұстаз»
6. «Көшбасшы ұстаз»

(Марапаттау рәсімі)

## Тәлімгерлердің құттықтауы

Жас мамандарға қолдау көрсетіп жүрген тәлімгер ұстаздардың арнайы дайындаған шағын сыйлықтары табысталады.

## Қорытынды сөз

Бүгінгі «Жас мамандардың кәсіби алаңы» байқауы — жас педагогтердің шығармашылығын шыңдап, кәсіби дамуына серпін берген тағылымды шара болды.

Ұстаздық жолындағы алғашқы қадамдарыңыз нық, еңбектеріңіз жемісті болсын! Еліміздің білімді, тәрбиелі ұрпағын тәрбиелеу жолындағы еңбектеріңізге табыс тілейміз!

## Жауаптылар:

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары: Бердакова Л.К.

Директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары: Кошметова А.Т.



